

15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күні

Ер ерлігі – ел тірегі

Ақтоғай ауданы орталығындағы «Тарих - тағылымы» саябағында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай митинг өтті. Ауған соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ұзақ және ауқымды әскери қақтығыс болып есептеледі. Онда 620 мыңнан астам әскери қызметші борышын өтеп, 15 мыңнан астам офицер мен сарбаз ажал құшты. Ерен



ерлік көрсеткен 92 баһадүр Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 33 жыл бұрын, дәл осы күні өздерінің интернационалдық әскери борышын адал атқарған отандастарымыз Отанына оралды. Жыл сайын 15 ақпанда Ауған жерінде қаза тапқан ерлерді еске аламыз.

Айтулы шара барысында аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов және бұл күні ауданымызға келген бокстан олимпиада чемпионы Б.Сәрсекбаев сөз сөйлеп, Ауғанстандағы соғыс пен қаза болған жауынгерлердің ерліктерін еске алды.

Митингтің ашылуында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов: -Жылдар жылжып, уақыт өтсе де, бұл соғыс халық санасында қайғы болып қатталып, қасірет болып жатталды. Бүгін біз майданнан аман-есен оралғандарға және де осы күнге дейін қайтыс болған жақындары үшін көз жасын

төгіп келе жатқан аналар мен сарбаздардың жарларына құрметімізді көрсетеміз, бас иеміз. Олар өздеріне жүктелген міндетті орындай білді. Сондықтан, ерліктері ешқашанда ұмытылмайды. Барлықтарыңызға бейбіт аспан, тыныштық тілеймін, – деді.

Сондай-ақ, Ауғанстан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш мемориалына аудан әкімінің және қоғамдық ұйымдар атынан гүл шоқтары қойылды. Көпшілік қаза болған отандастарымызды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Думан ҚАБЫЛ

Ақтоғай ажары .2022.18.ақпан.1,б.